

Клиринг ұйымдарының - банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін инспекциялауды жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 8 қазандағы N 383 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 25 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1771. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 6 қарашадағы N 116 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 6 қарашадағы N 116 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Қазақстан Республикасының "Жеке кәсіпкерлік туралы" Заңының қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Осы қаулының қосымшасында көрсетілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын .
2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі...

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2006 жылғы 6 қарашадағы
№ N 116 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
күші жойылды деп танылған
нормативтік құқықтық актілерінің
тізбесі

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Клиринг ұйымдарының - банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін инспекциялауды жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту жөніндегі" 2001 жылғы 8 қазандағы N 383 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1771 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "

Қазақстан Республикасында клиринг ұйымдарының - банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Клиринг ұйымдарының - банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін инспекциялауды жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін және нұсқаулық пен осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Төлем жүйесі басқармасы (Мұсаев Р.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Клиринг ұйымдарының - банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін инспекциялауды жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Клиринг ұйымдарының - банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін инспекциялауды жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және аумақтық филиалдарына жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он төрт күндік мерзімде осы қаулыны және Клиринг ұйымдарының - банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін инспекциялауды жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықты банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т.Жанкелдинге жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ұ л т т ы қ

Б а н к і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

2 0 0 1

ж ы л ғ ы

8

қ а з а н д а ғ ы

№ 383 қаулысымен бекітілді

Клиринг ұйымдарының - банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін инспекциялауды жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық

Осы Нұсқаулық "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы", "Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) клиринг ұйымдарының - банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі - клиринг ұйымдары) қызметін инспекциялауды жүргізу тәртібін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасындағы төлем жүйелерінің тұрақты және тиімді қызмет етуін қамтамасыз ету, сондай-ақ банкаралық клиринг және аударым операцияларын жүзеге асырған кезде туындайтын тәуекелдерді төмендету мақсатында Ұлттық Банк банкаралық клиринг ұйымдарының қызметіне, оның ішінде банкаралық клиринг ұйымдарының қызметін инспекциялау арқылы
б а қ ы л а у ж а с а й д ы .

Клиринг ұйымдарының қызметін инспекциялау клиринг ұйымдарының жалпы алғанда немесе жекелеген мәселелері бойынша қызметін, клиринг ұйымдары Ұлттық Банкке ұсынатын есептер мен мәліметтердің нақтылығын зерттеу арқылы оның нақты қаржы және институционалды жағдайы туралы деректерді белгілеу, сондай-ақ банкаралық клиринг жүргізудің және банк операцияларының жекелеген түрлерінің Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкестігін айқындау мақсатында жүргізіледі.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 136 қаулысымен .

2. Клиринг ұйымдарының қызметін инспекциялауды Ұлттық Банктің төлем жүйесі бөлімшесі өз бетімен немесе Ұлттық Банктің басқа бөлімшелерінің мамандарын қатыстыра отырып жүргізіледі.

3. Клиринг ұйымдарының қызметін инспекциялау Ұлттық Банктің тапсырмасына сәйкес жүргізіледі және онда тексерілетін мәселелер, инспекциялауды жүргізу мерзімі, инспекциялық топ құрамы және оның басшысы көрсетіледі.

2-тарау. Инспекциялауды жүргізу

4. Ұлттық Банк клиринг ұйымына тексерілетін мәселелерді және клиринг ұйымы инспекциялауды жүргізудің бастапқы күніне инспекциялық топқа ұсынылуы тиіс құжаттарды көрсете отырып инспекциялауды жүргізу туралы хабарлама жіберуге құқылы. Клиринг ұйымының қызметін инспекциялау алдын ала хабарлаусыз жүргізілуі мүмкін.

5. Клиринг ұйымының қызметін инспекциялауды бастамас бұрын Ұлттық Банк уәкілетті тіркеуші органға инспекциялауды жүргізуге тапсырманы және Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіппен тіркеу үшін белгіленген үлгіде толтырылған есеп карточкасын ұсынады.

6. Инспекциялауды жүргізу уақытына клиринг ұйымы инспекциялық топқа бірінші талап бойынша қағазда және электрондық тасымалдаушыда кез келген құжаттарды (мәліметтерді) беруге, сондай-ақ инспекциялау нәтижелері туралы есепке тігу үшін олардың көшірмелерін қамтамасыз етуге міндетті.

7. Клиринг ұйымы инспекциялауды жүргізу кезеңіне инспекциялық топқа өз үй-жайында жеке бөлме беруге, жұмыс істеуге берілген бөлмеге, оның ішінде демалыс күндері (келісімі бойынша) еркін кіруді қамтамасыз етуге тиіс.

8. Клиринг ұйымы тексеру кезеңіне қажетті құжаттарды (мәліметтерді) әзірлеуге және оларды инспекциялық топқа уақтылы тапсыруға жауапты өз мамандарын анықтауға, сондай-ақ клиринг ұйымының ақпарат жүйелеріне кіруді қамтамасыз етуге тиіс.

9. Клиринг ұйымының институционалды жағдайын тексерген кезде инспекциялық топқа мыналарды:

1) банкаралық клиринг ұйымының уәкілетті басқару органы бекіткен, Ұлттық Банк және/немесе қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) клиринг ұйымына берген лицензияларда көзделген банкаралық клиринг және өзге де операцияларды жүргізу тәртібін, рәсімін және талаптарын реттейтін ішкі құжаттардың болуын;

2) банкаралық клирингті жүргізу тәртібін, рәсімін және талаптарын реттейтін ішкі құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкестігін;

3) банкаралық клиринг қатысушыларымен жасалған шарттардың Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкестігін;

4) төлем құжаттарының дұрыс жасалуын және орындалуын;

5) банкаралық клирингті жүзеге асыру жөніндегі операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізудің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін;

6) клиринг ұйымы жүргізетін банк операцияларының жекелеген түрлерінің клиринг ұйымының уәкілетті органы әзірлеген және бекіткен ішкі құжаттарға және Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкестігін;

7) банкаралық клиринг нәтижелері бойынша ақша аудару тәртібінің және мерзімінің клирингті жүзеге асырудың ішкі тәртібіне және тиісті шарттарға сәйкестігін;

8) ақша төлемін және аударымын жүзеге асырған кезде қолданылатын қауіпсіздікті ұйымдастырудың және бағдарламалық-техникалық шаралардың

б о л у ы н ;

9) клиринг ұйымдарында қолданатын автоматтандырылған ақпарат жүйелеріне техникалық құжаттаманың болуын;

10) клиринг ұйымдары ұсынатын есептердің Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық кесімдері талаптарына сәйкес оларды жасау және ұсыну мерзімі мен тәртібіне сәйкестігін;

11) клиринг ұйымының ұйымдастыру құрылымының клиринг ұйымының құрылтайшы құжаттарына сәйкестігін;

12) клиринг ұйымының оған шектелген ықпал ету шараларын қолданудан туындайтын талаптарды, іс-шараларды және өзіне қабылдаған міндеттемелерді уақтылы орындауын.

Ескерту: 9-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 136 қаулысымен , 2005 жылғы 17 қарашадағы N 144 қаулысымен , 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147 қаулысымен .

10. Клиринг ұйымының қаржы қызметін тексерген және талдау жасаған кезде инспекциялық топқа мыналарды:

1) клиринг ұйымының төленген жарғылық капиталы мөлшерінің клиринг ұйымына Ұлттық Банк белгілеген жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшеріне сәйкестігін;

2) клиринг ұйымының жарғылық капиталының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс қалыптасуын;

3) активтер мен міндеттемелердің көлемін, оның құрылымын;

4) берілген заемдардың және олардың жіктеушісінің жалпы көлемін, құрылымын (егер клиринг ұйымы заем операцияларын жүзеге асырған жағдайда);

5) дебиторлық және кредиторлық берешектің көлемін, құрылымын және жіктеушісін;

6) бухгалтерлік есепті жүргізудің Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнама талаптарына сәйкестігін;

7) есепті күнге кіріс пен шығыстың мөлшерін, олардың баптар бойынша құрылымын;

8) клиринг ұйымы қызметінің қаржы нәтижесін, есепті күнге ағымдағы кірістердің (шығыстардың) шығыстардан (кірістерден) асып түсуін;

9) клиринг ұйымының рентабельділігін;

10) өткен жылдардағы бөлінбеген таза кірістің (шығынның) мөлшері, таза кірістің бөлінуін, оның ішінде дивиденттерді төлеуге;

11) кіріс пен шығыстың, олардың құрамдастарының өзгеру қарқынын, үрдісін және мұндай өзгерістердің себептерін;

12) ағымдағы шығыстарды өтеу үшін ағымдағы кірістің жеткіліктігін,

клиринг ұйымының жеке капиталының сақталуын және өсуін;

13) қаржылық есепте көрсетілетін және Ұлттық Банкке ұсынылатын деректердің дұрыстығын.

Ескерту: 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 144 қаулысымен.

11. Клиринг ұйымы инспекциялық топқа, клиринг ұйымының кез келген қызметкеріне сұрақ қою, тексерушілерге қолдағы бар барлық құжаттармен (ақпаратпен) танысу мүмкіндігін қоса алғанда, тексеру жүргізуге қолдау көрсетуге міндетті.

Клиринг ұйымының қызметкерлері инспекциялық топқа жүргізіліп жатқан тексеруге қатысты мәселелер жөнінде, олардың қызметтік міндеттері және/немесе клиринг ұйымының қызметі жөнінде түсіндірме (ауызша немесе жазбаша) беруге міндетті.

12. Клиринг ұйымының өткен инспекциялауды жүргізу нәтижесінде хаттамада көрсетілген бұзуларды жою бойынша іс-шараларды орындау мәселесі жөнінде инспекциялауды жүргізген кезде анықталған бұзуларды жою бойынша клиринг ұйымы қолданған іс-шараларға және клиринг ұйымы қызметінің тиісті бағыттарының ағымдағы жағдайына талдау жасалады.

13. Клиринг ұйымына тексеру жүргізуге кедергі келтіру, оның ішінде инспекторларға клиринг ұйымының үй-жайына немесе жекелеген бөлмелеріне кіруге кедергі келтіру, талап етілген құжаттарды ұсынбау, клиринг ұйымы қызметкерлерінің қызметтік міндеттеріне және олардың клиринг ұйымындағы қызметіне байланысты қажетті мәліметтерді беруден бас тарту клиринг ұйымының лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тартуға негіз болып табылады.

14. Инспекциялауды жүргізген кезде инспекторлар клиринг ұйымы құжаттарының сақталуын және алған ақпаратты құпия сақтауды қамтамасыз етуге, клиринг ұйымының, оның клиенттерінің құқықтарына немесе заңды мүдделеріне тікелей не жанама қысым жасауы мүмкін іс-әрекеттерден қалыс қалуға тиіс.

15. Түсініспеушіліктер туындаған немесе жекелеген мәселелерді қосымша зерттеу қажеттілігі анықталған жағдайда Ұлттық Банк клиринг ұйымының қызметін инспекциялау мерзімін ұзартуы мүмкін және тексерілетін мәселелердің көлемі ұлғаюы мүмкін, әрі бұл туралы клиринг ұйымына хабарлама жіберіледі. Мұндайда уәкілетті тіркеуші органға ұзартудың нақты мерзімін көрсете отырып тиісті құжат ұсынылады.

3-тарау. Инспекциялау нәтижелері туралы есепті жасау

16. Инспекциялау нәтижелері бойынша инспекциялық топ тексеру нәтижелері туралы есеп (бұдан әрі - есеп) жасайды.

Есеп мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

- 1) жасау күні және орны;
- 2) клиринг ұйымдарының қызметін инспекциялауды жүргізуге қатысқан адамдардың аты-жөні, сондай-ақ лауазымы;
- 3) клиринг ұйымының атауы, мекен-жайы, мемлекеттік тіркеу деректері; Ұлттық Банк және/немесе уәкілетті орган банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге берген лицензиялардың номері және күні;
- 4) клиринг ұйымдарының қызметін инспекциялауды жүргізуге тапсырманың номері және күні;
- 5) тексерілуге жатқызылған клиринг ұйымы қызметінің кезеңі және Ұлттық Банктің тапсырмасында көрсетілген мәселелер;
- 6) клиринг ұйымындағы істердің ағымдағы жағдайы, клиринг ұйымының қызметін инспекциялау барысында анықталған бұзулар мен кемшіліктер.

Клиринг ұйымын инспекциялау барысында анықталған құқық бұзушылықтар бойынша оған қажетті құжаттардың көшірмелерін қоса отырып хаттама жасалады.

Ескерту: 16-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 144 қаулысымен, 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147 қаулысымен.

17. Инспекциялауды жүргізу мерзімі аяқталғаннан кейін есеп танысу үшін клиринг ұйымдарының басшыларына ұсынылады және оған клиринг ұйымының басшысы қол қоюы тиіс. Клиринг ұйымының басшысы қарсылық білдірген жағдайда, мұндай қарсылықтар жазбаша түрде есепке қоса беріледі.

18. Клиринг ұйымының қызметін инспекциялау аяқталғаннан кейін инспекциялық топ уәкілетті тіркеуші органға инспекциялау жүргізілген клиринг ұйымының есеп карточкасына қосымша болып табылатын белгіленген үлгідегі талонды толтырып ұсынады.

19. Клиринг ұйымының қызметін инспекциялау барысында Қазақстан Республикасының заңнамасын, оның ішінде Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық кесімдерін бұзғандығы анықталған жағдайда Ұлттық Банк клиринг ұйымына ашуға рұқсатты кері қайтарудан, жұмысын тоқтату режимінен және акцияларды еріксіз сатып алу мүмкіндігінен басқа, банктер үшін белгіленген шектелген ықпал ету шараларын қолдануға құқылы.

20. Клиринг ұйымының қызметін тексеру нәтижелері клиринг ұйымы басшылығының қатысуымен Ұлттық Банктегі мәжілісте қаралады. Есепке қол

қойған кезде клиринг ұйымы басшылығының тарапынан қарсылықтар болмаған жағдайда, инспекциялау нәтижелері клиринг ұйымының басшылығын шақыруынсыз Ұлттық Банктегі мәжілісте қаралуы мүмкін.

21. Ұлттық Банктегі мәжіліс қорытындысы бойынша инспекциялық топ басшысы инспекциялауды жүргізудің нәтижелері бойынша мәжіліс хаттамасын (бұдан әрі - хаттама) жасайды және онда мыналар көрсетілуі тиіс:

- 1) клиринг ұйымының қаржы жағдайы;
- 2) клиринг ұйымының қызметінде инспекциялау барысында анықталған кемшіліктер және қолданылып жүрген заңнамадағы бұзулар;
- 3) анықталған бұзуларды нақты мерзімін көрсете отырып жою жөніндегі іс - шаралар ;
- 4) клиринг ұйымына қатысты қолданатын шектелген ықпал ету және санкция шаралары.

22. Есеп және хаттама екі дана етіп жасалады, олардың біреуі Ұлттық Банкте сақталып, екіншісі клиринг ұйымына жіберіледі.

23. Клиринг ұйымы Ұлттық Банкке хаттамада көрсетілген кемшіліктерді және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуларды жою жөніндегі жүргізіліп жатқан іс-шаралар туралы ақпаратты жібереді. Клиринг ұйымы осы ақпаратты хаттамада көрсетілген барлық кемшіліктерді және құқық бұзуларды не хаттамада көрсетілген мерзімде толық жойғанға дейін ай сайын ұсынады.

24. Клиринг ұйымының оның қызметін инспекциялау барысында анықталған кемшіліктерді және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамадағы бұзуларды жою жөніндегі шараларды орындауына бақылау мыналардың негізінде жүзеге асырылады:

- 1) клиринг ұйымы ұсынатын қаржылық және өзге де есеп;
- 2) инспекциялау барысында анықталған кемшіліктерді және бұзуларды жою жөнінде клиринг ұйымынан алынатын ақпарат.

5-тарау. Қорытынды ережелер

25. Инспекциялауды жүргізуге қатысатын адамдар инспекциялау нәтижесінде алған банктік және коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді

26. Осы Нұсқаулықта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

